-«Мүгедек балалардың денсаулығына кері әсер ететін факторларды жоюға бағытталған идеяларды, жобаларды, бағдарламаларды жүзеге асыруды жәрдемдесу»;
-«Мүгедек балалардың әлеуметтік және басқа да сұрақтарын шешуге жәрдемдесу».

Және де нақтылы жұмыс жоспары ұсынылған болатын, алайда оны есепке алмаған.

Лот бойынша жеңімпаз атанып отырған «"Қызылорда облыстық Чернобыль, Ауғанстан және Совет Армиясы әскерлері жесірлерінің "Ару-Ана" ҚБ»-нің ұйым қызметі мен мақсаты, жарғысы мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауға сәйкес келмейді. Конкурсқа жіберілмеуі қажет еді.

Баға ұсынымы бойынша қоғамдық қор 10% шартты төмендеу мөлшеріне ие болып, лот бойынша жеңімпаз атануы қажет еді.

Осыған сәйкес, Тапсырыс берушілер тарапынан болып тұрған ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабына сәйкес, заң бұзушылықты анықтап және тиісті шара қолдануыңызды сұраймын. Сонымен қатар, конкурс қорытындысын қайта әділ шешеді деген сенімдемін.

«Көкжиек»
қоғамдық қорының директоры: **А.С.Турбаева**